

Жаңа Қазақстандағы жаңашыл мұғалім келбеті

№135 жалпы орта білім беретін мектебінің биология пәні мұғалімі
Нурмуратова Тамара Алпамысовна

«Мұғалім-мектептің жүрегі» деп бекер айтылмаса керек. Әрбір жас өренді білімге шақырып, тәрбиеге баулушылар әрине, ол-мұғалім. Кез келген мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, соған сай әмбебеп болуы да заңдылық деп ойлаймын. Өз ісіне аса ыждақаттылықпен зер сала отырып, бала жүрегіне білім нәрін себе білуі маңызды қадам бола білетіні сөзсіз.

Жаңа Қазақстандағы мұғалімге қойылатын талаптар күннен-күнге жауапкершілікпен қоса өркендеп, алға қарай дамып келеді. Нақтырақ айтқанда, мұғалім тәуекелшіл, психолог, білікті педагог, көшбасшы, заманауи технологияны жан-жақты игеруші болуы басты назарда тұрады деген сөз. Заманымыз алға жылжып, дамыған сайын мұғалімнің әдістемелік әлемі де өзгеруде. Бүгінгі күннің оқушысына білім беру көптеген тың идеяларды қажет етеді. Жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, олардың тапсырма орындау барысындағы түсінігін жетілдіру өзекті болады.

Сондай-ақ, жаңа әдіс-тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейту мен оны қолдана білу де маңызды рөл атқарады. Ол үшін ұстаздар өзіндік ұшқырлық қабілеттерін жетілдіре отырып, әр баланың жас ерекшелігіне мән беруі де қажет дүние екендігі анық. Осы тұрғыда әріптестермен тәжірибе алмасу, ой-сананы кеңейту, заманауи технологияны қоса білуі шарт. Білімді және тәрбиелі, дүние танымы мен ой-өрісі кең, саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін осы қажеттіліктерді орындау өте маңызды дүние екендігі мәлім..




Қазіргі таңда оқушыға нақты білім беруді көздеген мұғалім өз сабағына әрдайым көрегенділік танытып, оқушының өзіндік идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал жасай алуы білім берудегі негізгі қаруы болып табылады. Ол мұғалімнің кәсібилілігімен тікелей байланысты жүйе екендігі даусыз. Оның барлығы мұғалімнің жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен және сол әдістерді тиімді пайдалануымен өлшенеді.

«Бала-болашағым» деген халықпыз, сондықтан да мұғалімнің алдында әрдайым атқарылар ұлы міндеттер тұрары хақ. Ел болашағы жолында нақты қадамдар жасай отырып, өзге елдермен терезесі тең келетіндей саналы ұрпақ даярлауымыз қажет. Сонда ғана еліміздің білім жүйесі жаңа заман талабына сай болады.

Ең жақсы мұғалім - шәкіртінің жанын түсінетін, оны өз перзентіндей аялай отырып, шәкірттерін өздігінен білім алуға жетелейтін мұғалім.

Абай Құнанбаев: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан басталады»- дейді. Әр уақытта ұстаздар осы бір аталмыш міндеттерді естен шығармай, білім жолында аянбай еңбек ете білсе, біздің Қазақстанның қарыштап дамитындығы анық. Мен соған кәміл сенемін!

	<i>талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.</i>		«Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин.	Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді	Оқулықты оқып танысып шығады. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады.	Дескриптор: Жалпы - 3 балл 1. Мейоз үдерісіне сияттама береді.	Тақырып бойынша интернет көздерін пайдаланып видеоролик көреді.
	Тапсырмалар айдарындағы тапсырмаларды орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.	<p>1. Мейоз арқылы түзілген жасушалардағы хромосома жиынтығы неге өзгеретінін түсіндіреді. Қанша еншілес жасуша түзіледі?</p> <p>2. Мейоз фазаларының реті қандай? Қандай фаза ең ұзақ?</p> <p>3. Гомологиялық хромосомалар және конъюгация мен кроссинговер үдерістері арасындағы байланысты анықтайды.</p> <p>4. I және II анафазаны салыстырады.</p>	Дескриптор: Жалпы - 3 балл 1. Тапсырманы орындайды.	ДК экраны 9-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері.

	<p>Тапсырмалар айдарындағы 2-тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.</p>	<p>1. I мейоз фазаларын талдайды. Оның түбегейлі айырмашылықтары қандай? 2. «Мейоз фазалары» деген сызба сызады.</p> 	<p>Дескриптор: Жалпы - 3 балл 1. Тапсырмаларды орындайды. 2. Сұлбаны дәптерге сызып алады.</p>	<p>ДҚ экраны 9-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері.</p>
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.</p>	<p>«Еркін микрофон» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.</p> <p>Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.</p> <p>Түімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.</p> <p>Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.</p>	<p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.</p>	<p>Мұғалім оқушыларды «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағалайды. Яғни <i>«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар».</i> Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</p>	 
<p>Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?</p>	<p>Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>		

<p>«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».</p> <p>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.</p>	<p>«Мадақтау сөзі» әдісі</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.</p>
<p>Жалпы бағалау</p> <p>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?</p> <p>1:</p> <p>2:</p>		